

ыстық тамақ бойынша
ЖАДЫНАМА





**Социальный
кошелек**

Для граждан

1. 1-4 сынып оқушыларына ваучерлерді жасау

1–4-сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамаққа арналған ваучерлер **eGov mobile** қосымшасындағы «**Әлеуметтік әмиян**» сервисінде автоматты түрде қалыптастырылады.

- Заңнамаға сәйкес, тегін тамақтану барлық 1–4-сынып оқушыларына ұсынылады.
- Бұл жағдайда ата-аналарға **SMS** хабарламалар **жіберілмейді**.
- Тізімдерді мектеп қалыптастырып, «**Әлеуметтік әмиянға**» жолдайды.
- Ата-ана қосымшаға өз бетінше кіріп, баласының ваучерінің бар-жоғын тексере алады.



2. 5-11 сынып оқушыларына ваучерлерді жасау

1. Ата-анаға 1414 нөмірінен жеке деректерді өңдеуге келісім беру үшін, балалар санына қарамастан, **бір ғана SMS-хабарлама** жолданады.

Уважаемый (ая) гражданин (ка)! Вашему ребенку полагается бесплатное питание в общеобразовательной школе. Для получения бесплатного питания отправьте СМС с текстом: 2*1. Если Вы не согласны введите 2*5 либо проигнорируйте данное сообщение. Ответить необходимо в течение 3 календарных дней. При отправке текста 2*1 Вы подтверждаете свое согласие на сбор и обработку персональных данных. В случае возникновения вопросов можете обратиться в Call-центр по номеру 1414. Звонок бесплатный.

2. Жеке деректерді өңдеуге **келісімді растау үшін 2*1** жауабын жіберу қажет.
Бас тарту үшін **2*5** жауабын жіберуге немесе хабарламаны елемеуге болады.

сбор и обработку персональных данных. В случае возникновения вопросов можете обратиться в Call-центр по номеру 1414. Звонок бесплатный.

09:27

2*1

3. Келісімді растағаннан кейін ата-анаға ваучерге **сілтеме жолданады.**

Ваш запрос на получение бесплатного питания обработан положительно. Для получения ваучера Вам необходимо пройти по ссылке https://m.egov.kz/link/social_wallet

eGov mobile қосымшасындағы **«Әлеуметтік әмиян»** сервисінде ата-ана барлық баласының ваучерлерін «Активацияда» статусында көреді және қай балаға ваучерді белсендіру, ал қай балаға белсенді қылмай қалдыру керегін өз бетінше таңдай алады.

3. Балаларды ата-анасына/қорғаншысына/қамқоршысына байланыстырмаған жағдайда әрекет ету тәртібі

1-қадам: МИО ата-ананы/қорғаншыны/қамқоршыны байланыс болмағаны туралы хабардар етеді.

2-қадам: Ата-ана/қорғаншы/қамқоршы eGov mobile қосымшасына кіреді немесе ХҚКО-ға барып, «Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізу» қызметін рәсімдейді.


3-қадам: Ата-ана/қорғаншы/қамқоршы **құжаттар топтамасын** дайындайды:

- Жеке басын куәландыратын құжат;
- Азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (туу туралы куәлік, деректерді өзгерту туралы куәлік және т.б.);
- Өкіл жүгінген жағдайда – нотариалды куәландырылған сенімхат.


4-қадам: Мәліметтер жаңартылып, бала ата-ана/қорғаншыға/қамқоршығы байланыстырылып тіркеледі.

Байланыс орнатылғаннан кейін ата-ана/қорғаншы/қамқоршы ваучерді әдеттегі тәртіппен ала алады: SMS арқылы жеке деректерді өңдеуге келісімін растау және eGov mobile қосымшасындағы «Әлеуметтік әмиян» сервисінде ваучерді белсендіру.


4.1. Мобильді азаматтар базасында (МАБ) нөмір болмаған жағдайда әрекет ету тәртібі




еGov Mobile қосымшасына кіріп, Кіру/Тіркелу батырмасын басыңыз.




Кіру батырмасын басыңыз.



Жаңасын шығару батырмасын басыңыз.




Жалғастыру батырмасын басыңыз.



Телефон нөмірін енгізіңіз.

4.2. Мобильді азаматтар базасында (МAB) нөмір болмаған жағдайда әрекет ету тәртібі



1414-тен келген SMS
кодын (6 сан) енгізіңіз.


Бастау батырмасын
басыңыз.

Видеотексеруден өтіңіз.


Рұқсат беру
батырмасын басыңыз.

ЖСН мен туған күніңізді
енгізіп, Жалғастыру
батырмасын басыңыз.


4.3. Мобильді азаматтар базасында (МAB) нөмір болмаған жағдайда әрекет ету тәртібі




Электрондық пошта
мекенжайын енгізіп,
күпиясөз ойлап
табыңыз.



ЭЦҚ шығарылғаннан
кейін Жалғастыру
батырмасын басыңыз.




Жылдам қол жеткізу
кодын ойлап табыңыз.




«Әлеуметтік әмиян»
бөлімін таңдаңыз.


5. Ваучерді белсендіру




Мобильді қосымшада
Ыстық тамақ ваучерін
қарауды бастаңыз.



Ваучерді белсендіру
батырмасын басыңыз.




QR-кодты бала оқитын
мектепке жіберіңіз
(асхананы қолдану
үшін).




Ваучер белсендірілді.


6. Ваучерден бас тарту




Мобильді қосымшада
ГП ваучерін қарауды
бастаңыз.



Қосымша әрекеттерді
таңдаңыз, одан кейін
Ваучерден бас тарту
тармағын басыңыз.



Бас тарту себебін
таңдаңыз.



FAQ

1. Ата-ана/қорғаншының/қамқоршының қате бас тартуы

МИО бас тартқан алушының ЖСН-ін жинауы қажет. ЖСН деректері бойынша қайтадан SMS-хабарлама жіберіледі немесе қайта жауап беру мүмкіндігі ұсынылады.

2. Нөмірдің мобильді азаматтар базасында болмауы

Ата-ана/қорғаншының/қамқоршының телефон нөмірі мобильді азаматтар базасында тіркелмеген жағдайда SMS жіберу мүмкін емес. Нөмір тіркелгеннен кейін ғана ата-ана/қорғаншыға/қамқоршыға SMS қайта жолдануы мүмкін.

3. Ваучерді белсендіру кезінде техникалық қате

Техникалық қате туындаған жағдайда келесі мәліметтерді нақтылау қажет: білім беру ұйымының БСН-і; баланың ЖСН-і; АЖ атауы; қате туралы скриншот.

Осы ақпарат «Әлеуметтік әмиян» сервисінің техникалық қолдау чатына жолдануы тиіс.

4. Ата-ана/қорғаншы/қамқоршы 1414 нөмірінен келген SMS-ке жауап бере алмауы

Бұл мәселе ата-ана/қорғаншы тарапынан туындауы мүмкін және келесі себептермен байланысты:

- 1414 нөмірі «қара тізімге» енгізілген;
- «Спам-хабарламаларды бұғаттау» қызметі қосылған;
- қысқа нөмірлерден хабарлама қабылдауға шектеу қойылған;
- телефонда теріс немесе нөлдік баланс бар.

Мобильді құрылғының баптауларын тексеру және байланыс операторының қолдау қызметіне жүгіну қажет.

5. Ата-ана/қорғаншыда/қамқоршыда бірнеше бала (5–11 сынып) болған жағдайда ваучер құру тәртібі

Жеке деректерді өңдеуге келісім үшін SMS балалар санына қарамастан бір рет жолданады. Ата-ана/қорғаншы/қамқоршы келісімді растауы тиіс.

eGov mobile қосымшасындағы «Әлеуметтік әмиян» сервисінде барлық баланың ваучерлері «Активацияда» статусымен көрсетіледі.

Ата-ана/қорғаншы/қамқоршы:

- тегін тамақтанатын балалар үшін ғана ваучерді белсендіре алады (5-тармақ);
- тамақтанбайтын балалар үшін ваучерді белсенді етпей қалдыруына болады (6-тармақ).